



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі

СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ ПОРЯДОК РАЗРАБОТКИ ДОКУМЕНТОВ ПО СТАНДАРТИЗАЦИИ

ҚР СТ 1.2-2019

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі

СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

ҚР СТ 1.2-2019

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан



1 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» ШЖҚ РМК **ӘЗІРЛЕП, ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2019 жылғы «22» қарашадағы № 435-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI Заңының нормалары іске асырылған.

4 ҚР СТ 1.1-2013 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау жүйесі. Ұлттық және алдын ала ұлттық стандарттарды әзірлеу тәртібі және ҚР СТ 1.42-2003 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау жүйесі. Стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша ұсынымдарды әзірлеу және қолдану тәртібі **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын стандарттау жөніндегі құжаттар каталогында, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні ай сайын басып шығарылатын стандарттар ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама мерзім сайын басып шығарылатын стандарттардың ақпараттық сілтемелерінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі****СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ**

Енгізілген күні 2020-02-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерістер енгізу, қайта қарау, күшін жою, қолданысқа енгізу және оларға түзетулер енгізу тәртібін белгілейді.

Осы стандарт ұлттық стандарттарға, стандарттау жөніндегі ұсынымдарға, Қазақстан Республикасының аумағында әзірленетін мемлекетаралық стандарттарға, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістерге қолданылады.

Осы стандарт мыналарға таратылмайды:

- халықаралық стандарттар, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері;
- өңірлік стандарттар, стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, стандарттау жөніндегі ережелері мен ұсынымдары;
- ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері;
- стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі ережелері, нормалары мен ұсынымдары;
- ұйым стандарттары;
- әскери ұлттық стандарттар.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік стандарттау жөніндегі құжаттар қажет:

ҚР СТ 1.1-2019 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Стандарттау. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1.5-2019 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Стандарттардың құрылуына, жазылуына, рәсімделуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ 1.7-2019 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Ұлттық стандарттау бойынша жұмыстарды жоспарлау тәртібі.

ҚР СТ 1.9-2019 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Ұлттық стандарттар мен алдын ала ұлттық стандарттар ретінде қолданылатын халықаралық, өңірлік және шет мемлекет стандарттарының құрылуына, жазылуына, рәсімделуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ 1.15-2019 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер. Құру және жұмыс істеу тәртібі.

ҚР СТ 1.21-2019 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Қазақстан Республикасы Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры. Жинақтау, жүргізу және сақтау.

ҚР СТ 1.22-2019 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Стандарттау жөніндегі құжат ісі. Қалыптастыру және Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорына тапсыру тәртібі.

ҚР СТ 1.23-2017 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Қазақстан Республикасында мемлекетаралық стандарттау бойынша жұмыс

ҚР СТ 1.2-2019

жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 1.33-2019 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Стандарттау жөніндегі құжаттар бойынша сараптама жүргізу және сараптамалық қорытындылар беру тәртібі.

ҚР СТ 1.51-2019 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Стандарттау саласындағы нормативтік құқықтық актілердегі, стандарттардағы, басқа да нормативтік және техникалық құжаттардағы стандарттарға сілтеме жасау тәртібі.

ҚР СТ 2.71-2019 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Құжаттардың метрологиялық сараптамасы. Негізгі ережелер.

ГОСТ 1.2-2015 Мемлекетаралық стандарттау жүйесі. Мемлекетаралық стандарттар, мемлекетаралық стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдар. Әзірлеу, қабылдау, жаңарту және жою ережелері.

Ескертпе - Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылғы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1.1 және [1] сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу [1] көзделген стандарттау мақсаттарына қол жеткізу үшін, оның негізгі принциптерін сақтай отырып жүзеге асырылады.

4.1.2. Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу [3] сәйкес және (немесе) бастамашылық тәртіппен бекітілетін ұлттық стандарттау жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.1.3 Ұлттық стандарттар мыналарды есепке ала отырып әзірленеді:

1) ғылыми зерттеулердің, патенттік зерттеулер мен өлшеулердің нәтижелері;
2) халықаралық, өңірлік стандарттар, ұйым стандарттары, шет мемлекет стандарттары және стандарттау объектісіне қойылатын талаптарды белгілейтін өзге де құжаттар;

3) өнімнің, процестер мен көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін қолданудан алынған практикалық тәжірибе.

4.1.4 Стандарттау жөніндегі ұсынымдар стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ өлшем бірлігін қамтамасыз етуге және сәйкестікті растауға қатысты болатын, тиісті стандартты қолдануға ықпал ететін қолданылуға ерікті ұйымдастыру-әдістемелік ережелерін немесе оларды ұлттық стандартта айқындағанға дейін практикада алдын ала тексеру орынды деп есептелетін ережелерді қамтиды.

4.1.5 Қазақстан Республикасының аумағында әзірленетін мемлекетаралық стандарттар және оларға енгізілетін өзгерістер әзірлеу процедурасынан өтеді және

ҚР СТ 1.23-2017 сәйкес екі кезеңмен келісіледі.

Мемлекетаралық стандарттар жобаларын әзірлеудің 1-кезеңі (жобаның бірінші

редакциясын әзірлеу және оны Қазақстан Республикасында қарау) осы стандартқа сәйкес жүзеге асырылады, тиісінше 2 – кезең (Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясатты жүргізу туралы Келісімге қатысушы мемлекеттермен жобаны келісу және ол бойынша дауыс беру) мемлекетаралық стандарттар жобаларын әзірлеу ҚР СТ 1.23-2017 талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.1.6 Стандарттау жөніндегі құжат жобасын әзірлеу үшін әзірлеуші:

- стандарттау жөніндегі құжат жобасын әзірлеу үшін жауапты орындаушыны немесе жұмыс тобының құрамын;

- стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеу бойынша жұмыс тобына қатысу үшін тартылатын, ұйымдарды;

- бекітілген жоспарларға, шарттарға сәйкес стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеу кезеңі бойынша жұмыстарды орындау мерзімін анықтайды.

4.1.7 Ғылыми зерттеулер мен өлшемдер негізінде әзірленетін стандарттарды әзірлеу кезеңі үш жылдан аспауға тиіс.

4.1.8 Стандарттау жөніндегі құжаттар техникалық регламенттердің, Қазақстан Республикасында қолдануға міндетті өзге де құжаттардың талаптарына, сондай-ақ оларда сілтемелер берілген қолданыстағы стандарттар мен құжаттардың ережелеріне қайшы келмеуге тиіс.

4.1.9 Ұлттық стандарттар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында бұл туралы сілтемелер болса, қолдану үшін міндетті болып табылады.

4.1.10 Егер стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу кезінде патенттік және авторлық құқық объектілеріне жататын құжаттар пайдаланылса, [4] Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талаптарды сақтау керек.

4.1.11 Қолданыстағы стандарттау жөніндегі құжаттың нормалары мен талаптарын түсіндіру бойынша оны қолдану кезінде мәселелер туындаған жағдайда, әзірлеуші түсініктеме береді.

4.2 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу тәртібі

4.2.1 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) түпнұсқаға оның қолданысының өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;
- 2) қайталануына талдау жүргізу;
- 3) мәтінге түпнұсқалық аударма жүргізу;
- 4) стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу туралы хабарламаны қалыптастыру және орналастыру;
- 5) стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларының түсіндірме жазбасын және бірінші редакциясын әзірлеу;
- 6) стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын келісу;
- 7) стандарттардың екінші редакциясын әзірлеу және пікірлер жинағын қалыптастыру;
- 8) стандарттау жөніндегі құжаттар жобасын әзірлеуді аяқтау туралы хабарламаны қалыптастыру және орналастыру;
- 9) стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларының ісін қалыптастыру;
- 10) стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларына сараптама жүргізу;
- 11) СҰО стандарттау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңесінде (бұдан әрі – СҰО ҒТК) стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау;
- 12) стандарттау саласындағы уәкілетті органның ғылыми-техникалық комиссиясында (бұдан әрі – ҒТК) стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау;
- 13) стандарттау жөніндегі құжаттарды бекіту;

ҚР СТ 1.2-2019

14) стандарттау жөніндегі құжаттарды тіркеу және есепке алу.

4.3 Түпнұсқаға оның қолданысының өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;

4.3.1 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу алдында әзірлеуші түпнұсқаға оның қолданысының өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізеді.

4.4 Стандарттау жөніндегі құжаттардың қайталануына талдау жүргізу;

4.4.1 Әзірлеуші қолданыстағы және әзірлеу үшін жоспарланған стандарттау жөніндегі құжаттардың қайталануына талдау жүргізеді.

4.4.2 Бастамашылық тәртіппен әзірленетін стандарттау жөніндегі құжаттар туралы ақпарат оларды әзірлеу басталғанға дейін Стандарттау жөніндегі ұлттық органға (бұдан әрі – СҰО) жіберіледі.

4.4.3 СҰО келіп түскен күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде әзірленіп жатқан стандарттау жөніндегі құжат туралы ақпаратты тексереді және әзірлеушіге қолданыстағы және әзірлеу үшін жоспарланып отырған стандарттау жөніндегі құжаттардың қайталануының анықталғаны не жоқ екені туралы хабарлайды.

4.5 Мәтінге түпнұсқалық аударма жүргізу;

4.5.1 Мәтінді стандарттау жөніндегі құжат түпнұсқасының тілінен түпнұсқалық аудару ҚР СТ 1.33 сәйкес жүргізіледі.

4.6 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуді бастау туралы хабарламаны қалыптастыру және орналастыру

4.6.1 Стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеуші А қосымшасында келтірілген, нысан бойынша стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеуді бастау туралы хабарлама қалыптастыруды жүзеге асырады.

4.6.2 СҰО өзінің интернет-ресурсына әзірлеуші ұсынған стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуді бастау туралы хабарламаны әзірлеушіден келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде орналастырады.

4.7 Стандарттау жөніндегі құжат жобаларының бірінші редакциясын әзірлеу

4.7.1 Стандарттау жөніндегі құжаттың жобасын әзірлеуші стандарттау жөніндегі құжат жобасының бірінші редакциясын және [2] сәйкес оған түсіндірме жазбаны әзірлеуді жүзеге асырады.

4.7.2 Стандарттау жөніндегі құжат жобасының бірінші редакциясы бойынша ҚР СТ 1.33 сәйкес мәтіннің шет тілінен орыс тіліне түпнұсқалық аудармасы жүргізіледі.

4.7.3 Әзірлеуші стандарттау жөніндегі құжат жобасының бірінші редакциясын түсіндірме жазбамен интернет-ресурста СҰО-ға орналастыру үшін жібереді.

4.7.4 СҰО жария талқылауды өткізу үшін әзірлеушіден келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде интернет-ресурста түсіндірме жазбамен стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларының бірінші редакциясын орналастырады.

4.7.5 Ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдарды құру, ресімдеу, мазмұндау процедуралары ҚР СТ 1.5-те белгіленген.

4.7.6 Стандарттарды ұлттық стандарттар ретінде қолдануға қойылатын жалпы

талаптар ҚР СТ 1.9 сәйкес жүзеге асырылады.

4.8 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын келісу

4.8.1 Стандарттау жөніндегі құжатты келісу мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) жария талқылау;
- 2) ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілерімен келісу;
- 3) техникалық талқылау - стандарттау жөніндегі техникалық комитетте (ұлттық стандарттар үшін), ал ол болмаған жағдайда, СҰО-да.

4.8.2 Стандарттау жөніндегі құжаттың жобасын жария талқылау СҰО интернет-ресурсында алпыс күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

4.8.3 Стандарттау жөніндегі құжаттың жобасына жария талқылау аяқталғаннан кейін келіп түскен ескертулер мен ұсыныстар, мемлекеттік органнан ескертулер мен ұсыныстарды қоспағанда, әзірлеушінің қарауына қабылданады.

4.8.4 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын стандарттау объектісіне байланысты әзірлеуші мынадай орындарға келісуге жібереді:

- 1) әзірлеуге тапсырыс берушіге (болған жағдайда);
- 2) өз құзыреттілігі шегінде мүдделі мемлекеттік органдарға;
- 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына;
- 4) аккредиттелген қауымдастықтарға;
- 5) сәйкестікті растау жөніндегі органдарға;
- 6) сынақ зертханаларына;
- 7) ғылыми-зерттеу институттарына (болған жағдайда);
- 8) өнімге және Қазақстан Республикасының сертификаттау жүйесінің мемлекеттік тізілімінің өнімге және көрсетілетін қызметтерге арналған тіркелген сәйкестік сертификаттарының тізіліміне сәйкес сертификаттаудан өткен ұйымдарға;
- 9) өндірушілерге (болған жағдайда).

4.8.5 Ұлттық стандарттау жүйесінің өзге мүдделі субъектілері СҰО интернет-ресурсында стандарттау жөніндегі құжат жобасын қарайды.

4.8.6 Ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілері стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарайды және жобаларды әзірлеушіге өз ескертулері мен ұсыныстарын жазбаша түрде келісуші немесе қараушы ұйымдарға қол қоюға жолдайды.

4.8.7 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілері қарайды және өзінің ескертулері мен ұсыныстарын жоба әзірлеушісіне жазбаша түрде әртүрлі түсіндірмелерге жол бермейтіндей етіп анық, қысқа, дәл, сондай-ақ нақты және негізделген түрде баяндау қажет.

4.8.8 Жария талқылау кезеңінде ұлттық, мемлекетаралық стандарттардың жобалары бейінді стандарттау жөніндегі техникалық комитетте, ал ол болмаған жағдайда СҰО-да міндетті техникалық талқылаудан өтеді.

4.8.9 Стандарттау жөніндегі ұсынымдар техникалық талқылаудан өтпейді.

4.8.10 Стандарттау жөніндегі техникалық комитетте техникалық талқылау жүргізу ҚР СТ 1.15 сәйкес жүзеге асырылады.

4.8.11 Егер стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің базалық ұйымы стандарттар жобаларын әзірлеуші болып табылса, техникалық талқылау СҰО-да өтеді.

4.8.12 СҰО-да техникалық талқылау процедурасын өткізуді ұйымдастыру кезінде, отырыс өткізілгенге дейін он бес күнтізбелік күн бұрын әзірлеуші СҰО-ға стандарттардың жобаларын қоса салып, техникалық талқылау өткізу туралы хат жолдайды.

4.8.13 СҰО стандарттардың жобаларын әзірлеушілерге және құзыретті субъектілерге техникалық талқылау өткізілетін күні мен орны туралы ақпарат жолдайды.

4.8.14 Стандарттардың жобаларын техникалық талқылау СҰО алаңында өтеді.

ҚР СТ 1.2-2019

4.8.15 Стандарттау жөніндегі құжат жобаларының мазмұнын техникалық талқылауға мынадай жұмыс түрлері кіреді:

1) ұлттық стандарт жобасында ұсынылған терминология талданады (болған жағдайда);

2) ұлттық жүйе субъектілерінің ұлттық стандартты енгізуге техникалық дайындығы айқындалады;

3) қолданыстағы ұлттық стандарттардың қайталануы тұрғысынан техникалық талаптар талданады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан талдау жүргізіледі;

5) ғылыми зерттеулердің болуы тұрғысынан зерттеу.

4.8.16 Техникалық талқылау қорытындылары стандарт ісіне енгізілетін хаттамада көрсетіледі және СҰО басшысы мен маманы қол қояды.

4.8.17 Ұлттық стандарт жобасы бойынша техникалық талқылау шеңберінде консенсусқа немесе жекелеген ережелердің (тармақтардың) мазмұнына қол жеткізілмеген жағдайда, әзірлеушінің бастамасы бойынша ұлттық стандарт жобасы бейінді стандарттау жөніндегі техникалық комитетте немесе СҰО-да қайтадан техникалық талқылауға шығарылады.

4.8.18 Мемлекеттік органдар, аккредиттелген қауымдастықтар, сәйкестікті растау жөніндегі органдар, зерттеу зертханалары, ғылыми-зерттеу институттары (болған жағдайда) стандарттау жөніндегі құжаттың жобасына келісуді алпыс күнтізбелік күн ішінде ұсынбаған жағдайда, стандарттау жөніндегі құжаттың жобасы ескертулерсіз келісілген болып саналады.

4.8.19 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын келісу болмаған жағдайда мемлекеттік органдардың өкілдері СҰО FTK отырысына шақырылады.

4.9 Стандарттардың екінші редакциясын дайындау және пікірлер жинағын қалыптастыру

4.9.1 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын әзірлеуші келісу қорытындысы бойынша стандарттардың екінші редакциясын дайындауды жүзеге асырады және пікірлер жинағын қалыптастырады.

4.9.2 Пікірлер жинағына қабылдау және қабылдамау туралы қарарымен бірге келісуші тараптардың қабылданған және қабылданбаған ескертулері мен ұсыныстары енгізіледі.

4.9.3 Консенсусты сақтау мақсатында стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларының екінші редакциясы жобаны ресімдеуді қозғамайтын стандарттау жөніндегі құжаттың жобасына ескертулері тараптарға қайта келісуге жіберіледі.

4.9.4 Стандарттау жөніндегі құжаттардың екінші редакциясының жобасы қабылданбаған ескертулер мен ұсыныстардың негіздемесі келтірілген пікірлер жинағымен бірге жіберіледі.

4.9.5 Келісуші тараптардың ескертулері мен ұсыныстары қабылданбаған жағдайда, әзірлеуші себептердің негіздемелерімен бірге жауап жолдайды.

4.9.6 Келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды негізсіз қабылдамауға жол берілмейді. Пікірлер жинағының нысаны В қосымшасында берілген.

4.9.7 Стандарттау жөніндегі құжат жобасының екінші редакциясы (мемлекетаралық стандарттардың жобаларын қоспағанда) мемлекеттік тілге аударылуға тиіс.

4.9.8 Қайта келісу мерзімі стандарттау жөніндегі құжаттың жобасын келісуші тараптарға жіберген күннен бастап он бес күнтізбелік күнді құрайды.

4.10 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуді аяқтау туралы хабарламаны қалыптастыру және орналастыру

4.10.1 Стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеуші В қосымшасында келтірілген, нысан бойынша стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеуді аяқтау туралы хабарлама құруды жүзеге асырады.

4.10.2 СҰО өзінің интернет-ресурсына әзірлеуші ұсынған стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеуді аяқтау туралы хабарламаны әзірлеушіден түскен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде орналастырады.

4.11 Стандарттау жөніндегі құжаттар ісін қалыптастыру

4.11.1 Стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеуші ҚР СТ 1.22 сәйкес стандарттау жөніндегі құжаттар ісін қалыптастырады және сараптама жүргізуге СҰО-ға жолдайды.

4.12 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларына сараптама жүргізу

4.12.1 Стандарттау жөніндегі құжат жобасын сараптау ҚР СТ 1.33 сәйкес жүзеге асырылады.

4.12.2 СҰО сараптауға келіп түскен сәттен бастап он күнтізбелік күн ішінде өзінің интернет-ресурсына стандарттау жөніндегі құжаттар жобасының пікірлер жинағын орналастырады.

4.12.3 Стандарттау жөніндегі құжаттардың метрологиялық сараптамасы ҚР СТ 2.71 сәйкес жүргізіледі.

4.13 СҰО ҒТК-де стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау

4.13.1 Сараптамалық қорытындының ескертулеріне сәйкес пысықталғаннан кейін стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларының екінші редакциясы СҰО ҒТК қарауына жіберіледі.

4.13.2 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын СҰО ҒТК-де қарау мерзімі [2] бойынша СҰО сараптамалық қорытындысын берген сәттен бастап он төрт күнтізбелік күнді құрайды.

4.13.3 СҰО ҒТК негізделген ескертулері болған жағдайда, стандарттау жөніндегі құжаттың жобасы әзірлеушіге пысықтауы үшін қайтарылады.

4.13.4 СҰО ҒТК-де мақұлданып, пысықталғаннан (қажет болған жағдайда) кейін ілеспе құжаттар жиынтығымен бірге стандарттау жөніндегі құжаттардың жобалары ҒТК хаттамасымен стандарттау саласындағы уәкілетті органның ҒТК қарауына беріледі.

4.14 ҒТК-де стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау

4.14.1 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобалары ҒТК мақұлданған сәттен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде ҒТК-де қаралады.

4.14.2 ҒТК мүшелерінің ескертулері болған жағдайда, стандарттау жөніндегі құжаттардың жобалары әзірлеушіге пысықтауға қайтарылады.

4.14.3 Стандарттау объектісінің техникалық нормаларын қозғамайтын стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын ресімдеу бойынша редакциялық және жекелеген ескертулердің болуы стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын ҒТК-де қараудан алып тастауға негіз немесе құжатты бекітуден бас тартуға себеп бола алмайды.

4.14.4 Көрсетілген ескертулерді әзірлеуші ұйым жоюға тиіс. Егер ескертулер ҒТК

ҚР СТ 1.2-2019

отырысы өткізілгеннен кейін он бес күнтізбелік күн ішінде жойылмаған жағдайда, стандарттау саласындағы уәкілетті орган стандартты бекіту туралы шешімнің күшін жоюға және тиісті ақпаратты әзірлеуші ұйымға жіберуге құқылы.

4.15 Стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларын бекіту

4.15.1 Стандарттау жөніндегі құжаттар (ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдар) стандарттау саласындағы уәкілетті органның және мемлекеттік және орыс тілдерінде бекітуіне жатады.

4.15.2 Стандарттау жөніндегі құжаттарды бекітудегі міндетті шарт стандарттау объектілерінің қауіпсіздігі мәселелерін қозғайтын стандарттарды қоспағанда, консенсусқа қол жеткізу болып табылады.

4.15.3 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобалары стандарттау саласындағы уәкілетті органның ұйымдастыру-өкімдік құжатымен бекітіліп, қолданысқа енгізіледі.

4.15.4 Стандарттау объектісінің қауіпсіздігі мәселелерін қозғайтын, стандарттау жөніндегі құжаттарды бекіту туралы шешімді мүдделі мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган қабылдайды.

4.15.5 Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобалары ГТК оң шешім берілгеннен кейін жиырма күнтізбелік күн ішінде бекітіледі.

4.15.6 Мемлекетаралық стандарттардың жобалары ГОСТ 1.2 сәйкес Мемлекетаралық стандарттаудың Автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде орналастыру үшін ұсынылады.

4.15.7 Стандарттау жөніндегі бекітілген құжаттарды мерзімінен бұрын енгізуге олар мүдделі тұлғаларға шығарылған түрде қолжетімді болған жағдайда рұқсат етіледі.

4.16 Ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдарды тіркеу және есепке алу

4.16.1 Бекітілген стандарттау жөніндегі құжаттар уәкілетті органда тіркелуге және ұлттық стандарттау жүйесінің тізіліміне енгізуге жатады.

4.16.2 СҰО стандарттау жөніндегі құжаттарды ұлттық стандарттау жүйесінің тізіліміне оларды уәкілетті орган бекіткеннен кейін жиырма күнтізбелік күн ішінде мынадай мәліметтерді көрсете отырып енгізеді:

- 1) тіркелген күні және реттік нөмірі;
- 2) стандарттың белгіленуі;
- 3) стандарттың атауы;
- 4) мемлекетаралық жіктеуіштер мен стандарттар жөніндегі топ;
- 5) бекіту туралы бұйрықтың нөмірі мен күні;
- 6) стандартты әзірлеушінің атауы:
жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), байланыс деректері;
заңды тұлға үшін - атауы, байланыс деректері;
- 7) стандартқа өзгерістер енгізу немесе күшін жою туралы ақпарат;
- 8) қолданысқа енгізілген күні;
- 9) түпнұсқасы туралы.

4.16.3 Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорына сақтау және басып шығару үшін ұлттық стандарттар істерін бергенге дейін стандарттау жөніндегі құжаттардың жобалары СҰО-да мемлекеттік және орыс тілдерінде баспалық редакциялауға (түзетуге) жатады.

4.16.4 Әзірлеуші осы стандарттың 4.2.1.8, 4.2.1.12 тармақтарында көрсетілген құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган құжаттар ұсынылған күннен

бастап жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей әзірлеушіге стандарттың, ұлттық жіктеуіштің, стандарттау жөніндегі ұсынымдардың ісін пысықтауға қайтарады.

4.16.5 Бекітілген стандарттар және оларға енгізілген өзгерістер туралы (стандарттың қолданылу мерзімін ұзарту немесе шектеу, күшін жою және қайта қарау туралы) ақпарат ай сайын басып шығарылатын «Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары» ақпараттық сілтемелерінде (ҚР СТ АС) жариялау үшін Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорына беріледі.

4.16.6 Әзірлеуші стандарттау жөніндегі құжаттарды уәкілетті орган бекіткен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде ҚР СТ 1.22 сәйкес құжаттарды тіркеу үшін стандарт және ұсынымдар іс бумасын толықтырады және Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорына тапсырады.

5 Ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістер енгізу тәртібі

5.1 Ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі құжаттарға өзгерістер оларды ауыстыру, толықтыру, ұзарту, шектеу немесе қолданысын қалпына келтіру, жаңа талаптар енгізу және халықаралық стандарттармен үйлестіру кезінде енгізіледі, олар қолданыстағы ұлттық стандарт және стандарттау жөніндегі ұсынымдар бойынша дайындалатын өніммен бірге жаңа өнімнің өзара алмасымдылығы мен үйлесімділігі талаптарын бұзуға әкеп соқпайды.

5.2 Ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістер енгізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және нормативтік техникалық құжаттарда белгіленген қауіпсіздік көрсеткіштерін төмендетуге тыйым салынады.

Ескертпелер

1 Егер пайдаланудағы өнімді шығару тоқтатылған, ал қосалқы бөлшектерді дайындау және өнімді жөндеуді жүзеге асыру қажет болған жағдайда, өнімге арналған ұлттық стандартқа өзгеріс дайындалады.

2 Өзгерісте оның қолданылу аймағын шектеу көрсетіледі, мысалы: «Осы стандарт пайдаланудағы бұйымдардың қосалқы бөлшектерін дайындау және жөндеу үшін ғана қолданылады». Бұл ретте ұлттық стандарттың белгіленуі сақталады, егер ол шектелген болса, ұлттық стандарттың қолданылу мерзімін шектеу алып тасталады.

5.3 Ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістерді әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу жөніндегі ережелер [2], сондай-ақ осы стандартта белгіленген ережелерге сәйкес келуге тиіс.

5.4 Редакциялық және (немесе) сілтемелік сипаттағы өзгерістер өнімнің сапасына қойылатын талаптарды ауыстырумен (толықтырумен, алып тастаумен) немесе техникалық регламенттердің, халықаралық стандарттар мен құжаттардың талаптарымен үйлестірумен байланысты өзгерістерді әзірлеу кезінде қарастырылады.

5.5 Ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі құжаттарға енгізілетін өзгерістерді әзірлеу ұлттық стандарттарды әзірлеу үшін осы стандартта белгіленген тәртіппен және осы тараудың талаптарын ескере отырып жүргізіледі. Ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістерді стандартты әзірлеуші дайындайды. Стандартты әзірлеуші болмаған жағдайда, өзгерістерді стандартты әзірлеуші емес, бірақ онымен міндетті түрде келісе отырып басқа тұлға дайындай алады.

5.6 Қолданыстағы ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістерді әзірлеу кезінде өзара байланысты құжаттарға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар параллель дайындалады.

5.7 Ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістер жобаларын ұлттық стандарт пен стандарттау жөніндегі ұсынымдарды келіскен ұйымдармен, егер өзгеріс олардың құзыретіне қатысты талаптарды қозғамаса, келіспеуге

ҚР СТ 1.2-2019

жол беріледі.

5.8 Ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістер жобалары стандарттау саласындағы уәкілетті органға бекітуге мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады.

5.9 Ұлттық стандартқа және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістер жобасымен бірге өзгерістер жобасының келісілуін және қаралуын растайтын құжаттар, пікірлер жинағы және түсіндірме жазба ұсынылуға тиіс.

5.10 Әрбір өзгеріске бөлшек сызық арқылы көрсете отырып, реттік тіркеу нөмірі, өзгеріс нөмірі беріледі және оның қолданысқа енгізілген күні белгіленеді, бірақ ол бекітілген күннен бастап 6 айдан ерте емес.

5.11 Бекітілген өзгерістердің мәтіндері және олармен бірге бекітуге ұсынылған құжаттар ҚР СТ 1.22 сәйкес стандарт ісіне енгізіледі.

5.12 Белгіленген тәртіппен бекітілген және тіркелген ұлттық стандарттарға және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістер ұлттық стандарттың және стандарттау жөніндегі ұсынымдардың ісіне енгізіледі.

5.13 Мемлекетаралық стандарттарға өзгерістер ГОСТ 1.2-2015 талаптарына сәйкес енгізіледі.

6 Стандарттау жөніндегі құжаттарды қайта қарау тәртібі

6.1. Стандарттау жөніндегі құжаттарды қайта қарау кезінде, қажет жағдайда, оның мазмұнын (20% астам көлем) елеулі өзгерту, ұлттық стандарттың, стандарттау жөніндегі ұсынымның құрылымын және (немесе) атауын өзгерту және стандарттау жөніндегі құжатты жаңғырту, сондай-ақ онда жаңа және (немесе) неғұрлым прогрессивті талаптар белгіленген кезде жүзеге асырылады.

6.2 Стандарттау жөніндегі құжаттарды қайта қарау кезінде жаңа ұлттық стандарт және стандарттау жөніндегі ұсынымдар қолданыстағы құжаттың орнына әзірленеді. Бұл ретте бұрын қолданыста болған ұлттық стандарт пен стандарттау жөніндегі ұсынымның күші жойылады, ал жаңа стандарт пен стандарттау жөніндегі ұсынымда қандай ұлттық стандарттың және стандарттау жөніндегі ұсынымның орнына әзірленгені көрсетіледі.

6.3 Жаңа стандарттау жөніндегі құжатқа бұрын қолданыста болған ұлттық стандарттардың және стандарттау жөніндегі ұсынымдардың белгіленуі соңғы төрт цифрмен бекітілген жылын ауыстыра отырып беріледі.

6.4 Техникалық регламентпен үйлестірілген қайта қаралатын ұлттық стандарт жобасы көрсетілген техникалық регламентті әзірлеушімен міндетті түрде келісуден өтеді.

6.5 Стандарттау жөніндегі құжаттарды қайта қараумен бір мезгілде өзара байланысты стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды қайта қарау немесе жою бойынша жұмыстар жүзеге асырылады.

7 Стандарттау жөніндегі құжаттарды жою тәртібі

7.1 Стандарттау жөніндегі құжаттардың күшін жою мынадай жағдайда жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасы Заңнамасының талаптарына қарама-қайшылық;
- егер стандарттау жөніндегі құжаттар Қазақстан Республикасының аумағында қолданысқа енгізілетін техникалық регламенттердің, өзге де нормативтік құқықтық актілердің және техникалық регламенттермен үйлестірілген стандарттардың талаптарына (жаңа түрлеріне және қолданыстағы өзгерістерге) қайшы келсе, стандарттардың күшін жою жүзеге асырылады.

- жаңа стандартты, ұлттық жіктеуішті, қолданыстағы стандарт орнына стандарттау

жөніндегі ұсынымдарды қолданысқа енгізу;

- Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетаралық стандарттарды қабылдау;
- ұлттық стандартты, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды қолданудың өзектілігін жоғалту.

7.2 Өздерін алмастыратын құжат туралы ақпараты бар стандарттау жөніндегі құжаттардың күшін жою немесе ұлттық стандарт пен стандарттау жөніндегі ұсынымдардың күшін жою туралы ұсыныстарды кез келген мүдделі тұлғалар стандарттау саласындағы уәкілетті органға ауыстырмай бере алады.

7.3 Күшін жою туралы ұсыныстардың тиісті негіздемелері болуға тиіс.

7.4 Қолданыстағы стандарттау жөніндегі құжаттардың күшін жою жөніндегі ұсыныстар [2] және 5-тарауға сәйкес өзгерістер түрінде ресімделеді.

7.5 Стандарттау жөніндегі құжаттардың күшін жою кезінде күшін жоюға бастамашы болған ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері уәкілетті органға тиісті ұсыныс жолдайды.

7.6 Уәкілетті орган салалық мемлекеттік органмен келісу кезінде СҰО талдауын жүргізгеннен кейін стандарттау жөніндегі құжаттардың күшін жою туралы мәселені қарайды..

7.7 СҰО стандарттау жөніндегі құжаттарды олар СҰО-на келіп түскеннен кейін он бес күнтізбелік күн ішінде СҰО ҒТК отырысында талдауды және жою туралы ұсынысты қарауды қамтамасыз етеді.

7.8 СҰО талдауының нәтижелері және СҰО ҒТК-ның стандарттау жөніндегі құжатты жою туралы ұсынысына ұсынымдары ҒТК отырысында қаралады. ҒТК отырысында стандарттың, ұлттық жіктеуіштің, стандарттау жөніндегі ұсынымдардың күшін жою туралы мәселені қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган тиісті шешім қабылдайды.

8 Стандарттау жөніндегі құжаттарды қолданысқа енгізу тәртібі

8.1 Стандарттау саласындағы уәкілетті орган стандарттау жөніндегі құжаттарды қолданысқа енгізу мерзімін белгілейді.

8.2 Стандарттау жөніндегі құжаттардың, сондай-ақ оларға өзгерістерді қолданысқа енгізу күні оларды енгізуді қамтамасыз ететін іс-шараларды іске асыруды, стандарттау объектісінің өндіріс технологияларын жаңарту (қызметтерді орындау) мерзімдерін ескере отырып, [2] сәйкес олар бекітілген күннен бастап алты айдан ерте емес мерзімге белгіленеді.

8.3 Стандарттау жөніндегі құжаттарды қолданысқа енгізу күні Ұлттық стандарттау жүйесінің тізіліміне енгізу күнінің алдында болмауға тиіс.

8.4 Стандарттау жөніндегі құжаттарды, сондай-ақ оларға енгізілген өзгерістерді қолданысқа енгізу мерзімін, олар мүдделі тұлғаларға басып шығарылған түрде қолжетімді болған жағдайда, стандарттау саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша қысқартуға жол беріледі.

8.5 Стандарттау жөніндегі құжаттардың қолданылу мерзімін ұзарту, шектеу немесе шектеуді алып тастау жөніндегі ұсыныстар стандарттау саласындағы уәкілетті органға стандарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі алты айдан кешіктірілмей жіберіледі.

9 Стандарттау жөніндегі құжаттарға түзетулер енгізу тәртібі

9.1 Екі мәнде түсіндіруді немесе бірыңғай емес мәнде түсіндіруді болдырмайтын тұжырымды нақтылау қажет болған кезде, заңды немесе техникалық сипаттағы, ойды өзгертпейтін редакциялық нақтылау қажеттігін, бекіту, тіркеу және (немесе) техникалық

ҚР СТ 1.2-2019

редакциялау кезінде жіберілген қателерді түзету, бекіту, тіркеу және (немесе) техникалық редакциялау кезінде жіберілген қателерді түзету талап етіледі, ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдарға түзетулерді ресімдейді.

9.2 Түзетулер ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдарға өзгерістер сипатында болмауға тиіс. Түзетулер арқылы ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдарға жаңа тармақтар енгізуге жол берілмейді.

9.3 Түзетулер арқылы стандарттардың нормалары мен талаптарын өзгертпейтін редакциялық және техникалық сипаттағы қателерді түзетуге болады.

9.4 Ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдарға түзетулерді әзірлеуші немесе олардың келісімі бойынша басқа да мүдделі тұлғалар ресімдейді және оларды СҰО-на қарау үшін ұсынады.

9.5 Түзетулер Г қосымшасына сәйкес ресімделеді.

9.6 Түзетулер мемлекеттік және орыс тілдерінде ілеспе хатпен, түсіндірме жазбамен және оларды енгізу заңдылығын растайтын құжаттармен бірге СҰО-на қарауға ұсынылады.

9.7 Жекелеген құжаттар (мысалы, өнімді сынау актілері немесе бақылаушы ұйымдардың қорытындылары) болмаған жағдайда, түзетудің негіздемесі түсіндірме жазбада беріледі.

9.8 СҰО ФТК-да түзету қаралғаннан кейін ресімделген түзету стандарттардың кезекті ақпараттық сілтемесіне жариялау үшін беріледі.

9.9 Стандарттарға жарияланған түзетулер ҚР СТ 1.22 сәйкес стандарт ісі құрамына енгізіледі.

А қосымшасы
(міндетті)

Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуді бастау туралы хабарлама нысаны

А.1 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуді бастау туралы хабарлама нысаны

1	Әзірлеуші (ұйымның атауы, пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, әзірлеушінің ТАӘ)	
2	ҚР СТ (ҚР Ұ, ГОСТ) әзірлеуге жауапты орган	
3	Жоба атауы	
4	Стандарттау объектісі	
5	Әзірлеу үшін негіздеме	
6	Стандарттау жөніндегі құжат жобасын әзірлеудің басталған күні (күні/ айы/жылы)	
7	Стандарттау жөніндегі құжат жобасын жария талқылау мерзімі	
8	Базасында техникалық талқылау өтетін стандарттау жөніндегі бейінді техникалық комитет (болған жағдайда)	
9	Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар (пікірлер) ұсынылатын түпкілікті күні (күні/ айы/жылы)	
10	Жоба орналастырылған	
11	Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар (пікірлер) жолдау үшін әзірлеуші және оның байланыс деректері (ұйымның атауы, пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, әзірлеушінің ТАӘ)	
12	Хабарламаны құруға жауапты кісі (орындаушының ТАӘ)	
13	ҚР СТ (ҚР Ұ) жобасын жария талқылаудың аяқталған күні (күні/ айы/жылы)	

Басшының қолы

**Б қосымшасы**
(міндетті)**Стандарттау жөніндегі құжат жобасына пікірлер жинағының нысаны****В.1 Пікірлер жинағының нысаны**

№ р/с	Стандарт жобасының тарауының, тараушасының, тармағының, тармақшасының, қосымшасының нөмірі	Стандарт жобасы бойынша ескертулер немесе ұсыныстар	Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау себептерін негіздей отырып, әзірлеушінің қорытындысы
1	2	3	4
1. Мемлекеттік органдар			
1.			
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы			
2.			
3. Қауымдастықтар			
3.			
4. Өндірушілер			
4.			
5. Сынақ зертханалары			
5.			
6. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар			
6.			
7.			
8.			

Стандарттың және стандарттау жөніндегі ұсынымдардың жобасын келісу туралы ақпарат:

Пікірлердің жалпы саны: _____

оның ішінде: ескертулер мен ұсыныстарсыз: _____

ескертулермен және ұсыныстармен: _____

Ескертулердің жалпы саны: _____

оның ішінде: қабылданды: _____;

қабылданбады: _____;

Басшының қолы

В.2 Пікірлер жинағын толтыру ережесі

В.2.1 Пікір ұсынған ұйым пікірлер жинағында көрсетілген жағдайда, осы ұйымның деректемелері және күні көрсетіледі.

В.2.2 Әзірлеушінің қорытындысы мынадай типтік тұжырымдарды пайдалана отырып, беріледі:

- «Қабылданды»;
- Осы ескерту немесе ұсыныс ескерілген бөлігін көрсете отырып, «ішінара қабылданды»;
- Осы ескертуді немесе ұсынысты қабылдаудың орынсыздығына негіздеме келтіре отырып, «қабылданбады».

В қосымшасы
(міндетті)

Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуді аяқтау туралы хабарлама нысаны

В.1 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеуді аяқтау туралы хабарлама нысаны

1	Әзірлеуші (<i>ұйымның атауы, пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, әзірлеушінің ТАӘ</i>)	
2	ҚР СТ әзірлеуге жауапты орган	
3	Жоба атауы	
4	Стандарттау объектісі	
5	Әзірлеу мақсаты	
6	Әзірлеу үшін негіздеме	
7	ҚР СТ жобасын әзірлеудің басталған күні <i>(күні/айы/ жылы)</i>	
8	Хабарламаны құруға жауапты <i>(орындаушының ТАӘ)</i>	
9	Хабарламаның құрылған күні <i>(күні/айы/ жылы)</i>	



ҚР СТ 1.2-2019

С қосымшасы
(міндетті)

Стандарттау жөніндегі құжаттың жобасына түзету нысаны

С.1 Стандарттау жөніндегі құжаттың жобасына түзету нысаны

ТҮЗЕТУ

МСЖ коды ____

ҚР СТ(ҚР Ұ) белгіленуі мен атауы

Түзету енгізілетін құрылымдық элемент (тарау, тармақ, тармақша, қосымша, кесте, сурет және т.б.)	Басылды	Болуға тиіс
1	2	3

Орындаушы _____
Лауазымы, жеке қолы, қолтаңбаның толық жазылуы

Библиография

- [1] «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI Заңы;
- [2] Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 бұйрығымен бекітілген Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидалары;
- [3] Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен бекітілген Ұлттық стандарттау жоспарын әзірлеу қағидалары.
- [4] Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427 Патент Заңы.

МСЖ 01.120

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты, стандарттау жөніндегі ұсынымдар, әзірлеу, келісу, бекіту, есепке алу және тіркеу, қайта қарау, басып шығару, жою, түзету тәртібі





НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Национальная система стандартизации Республики Казахстан

ПОРЯДОК РАЗРАБОТКИ ДОКУМЕНТОВ ПО СТАНДАРТИЗАЦИИ

СТ РК 1.2-2019

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Нур-Султан



Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан от 22 ноября 2019 года № 435-од

3 В настоящем стандарте реализованы нормы Закона Республики Казахстан «О стандартизации» от 5 октября 2018 года № 183-VI.

4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН СТ РК 1.2-2013 Государственная система стандартизации Республики Казахстан. Порядок разработки национальных и предварительных национальных стандартов и СТ РК 1.42-2003 Государственная система стандартизации Республики Казахстан. Порядок разработки и применения рекомендаций по стандартизации, метрологии и сертификации.

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом каталоге документов по стандартизации, а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях стандартов. В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в периодически издаваемых информационных указателях стандартов

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**Национальная система стандартизации Республики Казахстан****ПОРЯДОК РАЗРАБОТКИ ДОКУМЕНТОВ ПО СТАНДАРТИЗАЦИИ**

Дата введения 2020-02-01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает порядок разработки, согласования, утверждения, регистрации, учета, внесения изменений, пересмотра, отмены, введения в действие и внесения поправок в документы по стандартизации.

